

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту  
институты» РММ директоры

Г. Онланбекқызы

«19» 10 2024 ж.



**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай»  
ұлттық ойындар респубикалық байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар респубикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** әртүрлі ұлттық, қымылды ойындарға қызығушылыққа баулу арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, мәдениетіне мақтаныш сезімін қалыптастыру.

**1.4. Міндеттері:**

- балалалардың денесін үйлесімді дамыту, ұлттық, қымылды ойындарға қызығушылықты арттыру;

- дene сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;

- ойындарды ойнату арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін, тапқырлығын, зияткерлігін, шығармашылығын дамыту;

- халық арасындағы ескі ұмытылып қалған, ұлттық, қымылды, ұстел ұсті ойындарын жандандыру;

- баланың дербестігін және ересектердің балаларға деген достық қарым-қатынасын ынталандыру;

- балаларды Отанға, елге, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін және қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, қазақ халқының ұмытылған ұлттық ойындарын зерделеуге ынталандыру;

- ойын барысында, жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті сактау.

## **2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары**

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының байланыс телефондары мен электрондық поштасын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық, қалалық;

II кезең - облыстық;

III-республикалық деңгей.

2.4. Өнірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялады.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін білім басқармасы басшысының бүйірімен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде байқау комиссиясы құрылады (құрамы кемінде 7 адам).

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, білікті педагогтер, ата-аналар қоғамының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- жүлделі орындарға лайықты үміткерлер болмаған жағдайда орындар бермеу;

- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға (2.9-тармак).

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына қажетті материалдардың тізбесі:

1) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) қатысушылардың санын көрсөтө отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының байқау комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.9. Материалдар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар респубикалық байқауының атауымен **2024 жылдың «15» наурызынан** кешіктірілмей [i-rrd2021@mail.ru](mailto:i-rrd2021@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

### **3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары**

3.1. «Ханталапай» ұлттық ойындарының спорттық байқауы ортаңғы топ (1 жеңімпаз команда), ересек және мектепалды топтар (сыныптар) (1 жеңімпаз команда) балаларының ұжымдары арасында немесе педагогтер, балалар, ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Байқау жеңімпаздары әр жас тобы бойынша жеке анықталады.

3.2. Байқау қазақ халқының тұрмыстық заттарымен безендірілген ойын алаңында балалар үшін қауіпсіз жерде өткізуі мүмкін.

3.3. Байқауда балалардың жасына сәйкес түрлі ұлттық, қимылды, спорттық ойындар ұйымдастырылады және өткізіледі.

3.4. Ұлттық ойындарда бір командаға қатысушылардың саны 7 тәрбиеленушіден, педагогтер, ата-аналар, балалар командасы болған жағдайда қатысушылар саны 7 қатысушыдан аспайды.

3.5. Байқау жазылған бейнероликтер YouTube платформасына жүктеледі, сілтеме өтінімде орналастырылады.

3.6. Байқауға қатысушының өтінімі осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өндөуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

### **4. Бағалау критериилері**

4.1. «Ханталапай» байқауын ұйымдастыру және өткізу деңгейі 5 балдық жүйесімен келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- педагогтің ұйымдастырушылық шеберлігі, балалардың ойын шарттарын түсінуі;

- ұлттық ойындардың қатысушылардың жасына сәйкестігі;

- көрнекі атриуттарды, әртүрлі материалдарды және т. б. пайдалану.;

- бейнероликті ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау, бейнесюжет пен дыбыстың сапасы;

- ойын өткізілетін орынның талаптарына сәйкестігі (үй-жайды ұлттық стильде безендіру, үй-жайдың қауіпсіздігі), спорттық форманың болуы.

## **5. Бейнематериалға қойылатын талаптар:**

5.1. Байқаудың бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- түсірілім сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (нөмірдің басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы).

5.2. Бейнематериалдың басты бетінде мыналар көрсетілуі керек:

- мектепке дейінгі ұйымның атауы;
- ойынның атауы;
- ойынға қатысушылар туралы мәліметтер (баланың тегі, аты, жасы);
- жауапты педагог туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы).

## **6. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау**

6.1. Байқау комиссиясы жеңімпаздарды келесі орындар бойынша анықтайды:

I орын;

II орын;

III орын.

Номинациялар:

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»;

«Алтын сақа»;

«Үздік ойыншылар»;

«Белсенді ойыншылар»

«Тапқырлар мен ептілер»

«Үздік ұйымдастырылған ойын алаңы».

6.2. Байқаудың респубикалық кезеңінің жеңімпаздары дипломдармен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.3. Материалдар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар респубикалық байқауының қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

**Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50**

**Материалдар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай»  
ұлттық ойындар республикалық байқауына қатысуға  
облысынан (қала)**

**ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ жарғысына сәйкес)	
Қатысушылар туралы мәліметтер (тегі, аты, балалардың жасы)	
Қатысушылар саны	
Педагогтің аты-жөні және лауазымы	
Жауапты педагогтің байланыс телефоны	
Бейнематериал орналастырылған YouTube бейне платформасынан сілтеме	